



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)"KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ төмендегі жағдайларды: 1) жете жинақтау, жете жарақтандыру, біріздендіру немесе колда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 2) Тапсырыс беруші өзі өнім беруші ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған және осы Шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы модельдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге тиесілігін айқындайтын өзге де мәліметтерге және (немесе) құжаттарға тиісті нұсқаулар болған жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және/немесе құжаттарды көрсетуге жол берілмейді:

1. Терминдердің түсіндірмесі

1.1. Осы Шартта төмендегі ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие болады:

1.1.1. "Филиал" - "Ақмола ЖЭТ ""KEGOC" АҚ филиалы ұсынған Тапсырыс берушінің оқшауланған бөлімшесі, оған Тапсырыс беруші жұмыстарды орындау және орындалған жұмыстарды қабылдау процесінде ;

1.1.2. «Қосалқы мердігер» - шарт бойынша объектідегі жұмыстардың бір бөлігін орындауға мердігермен шарты (келісімі) бар жеке немесе заңды тұлға;

1.1.3. «Қор» - «Самұрық-Қазына» АҚ;

1.1.4. Шарт сомасы» - Мердігер өзінің өтінімінде көрсеткен және Шартта айтылған белгілі бір талаптар сақталған кезде Тапсырыс беруші ақы төлеуге қабылдаған сома;



1.1.5. «Шарт» - Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

1.1.6. "Жұмыс" - жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша мердігердің қызметі;

1.1.7. «Жұмыс жобасы» - меншік құқығы бекітілгеннен кейін Тапсырыс берушіге ауысатын объектінің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттама;

1.1.8. «Жобалардың сараптамасы» – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалау үшін бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына жобалық шешімдердің сәйкестігін (сәйкессіздігін) анықтау, сонымен қатар жобалық шешімдер мен есептеулерде қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау арқылы жобалардың сапасына талдау мен бағалау жүргізуден тұратын сараптамалық қызмет. Сараптама: ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық - экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама бойынша «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізілетін объектілер құрылысы жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы (салалық және ведомстволық сараптамаларды қоса алғанда) болып бөлінеді.

1.1.9. «Сараптама ұйымы» - мемлекеттік сараптама ұйымы (мемсараптама) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және объектілер құрылысының жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік монополияға жатқызылған ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыратын заңды тұлға немесе аккредиттелген сараптама ұйымы – сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аккредиттелген,





объектілерді салу жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында мемлекеттік монополияға жатқызылмаған заңды тұлға;

1.1.10. «Жұмыстарды орындау мерзімі (ұзақтығы)» - Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды көрсетуі тиіс мерзім;

1.1.11. «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар;

1.1.12. «Ақау» - Шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі;

1.1.13. «Ақаулар мен кемшіліктерді жою кезеңі» - орындалған жұмыстарды тексеру процесінде анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі;

1.1.14. «Жұмыстардың күнтізбелік жоспары» - Мердігер жасайтын және Тапсырыс берушімен келісілген күнтізбелік жоспар, онда жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері жазылады;

1.1.15. «Смета» - ҚР нормативтік-әдістемелік құжаттарына сәйкес айқындалған шарт бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған жұмыстардың есептік бағасы;

1.1.16. «Инсайдерлік ақпарат» – «KEGOC» АҚ бағалы қағаздары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сонымен қатар бағалы қағаздарды шығарған (берген), ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын анық ақпарат, сонымен қатар үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы «KEGOC» АҚ бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және «KEGOC» АҚ қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат.

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1.2.1. Шарт;

1.2.2. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі (Шарттың № 1 қосымшасы);

1.2.3. Қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы жергілікті қамту үлесінің болжамды/нақты есебі (Шарттың № 2 қосымшасы);

1.2.4. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге тапсырма (Шарттың № 3 қосымшасы);

1.2.5. Жұмыстардың күнтізбелік жоспарының нысаны (Шартқа №4 қосымша).

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырысшы Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары негізінде орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

3.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:


3.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

3.4.1. Электрондық құжат нысанында Шарттың (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Жүйе) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі) аясында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі үшін жергілікті қамту үлесін есептеу;

3.4.2. Шот-фактуралар;

3.4.3. ____...

3.5. Мердігер заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-





портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

3.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

3.7. Мердігердің ақы төлеудің алдындағы құжаттарды уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні уақтылы ақы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3.8. Электрондық шот-фактура Тапсырыс берушінің мекенжайына салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазып беріледі.

3.9. Шарт бойынша жұмыстардың бағасы жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасынан өту үшін шығындар сомасын есепке алмағанда, Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтер бойынша жасалған сметамен расталады.

3.10. Мердігер орындаған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге байланысты мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелмейді.

3.11. Қосымша құн салығының мөлшерлемесі өзгерген, сонымен қатар Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласындағы өзгерістер болған жағдайда Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.

3.12. Шартта және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт сомасын ұлғайту жағына өзгертуге жол берілмейді.

3.13. Тапсырыс беруші мердігердің Төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

3.14. "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-ІІІ Заңының 7-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес мердігер жүйе арқылы көрсетілген қызметтердің актілерін жолдамамен бірге Тапсырыс берушіге қағаз жеткізгіште Р-1 нысаны (50-қосымша) бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін ұсынуы тиіс Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына сәйкес).

3.15. Салық және төлемдер.


3.15.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келесі түрде төленуге тиіс:

3.15.2. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлеуге толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы есептеуі және Жеткізушіге салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) төлеу үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды, оның ішінде салық қызметі өнім берушіге жасалған немесе Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты.

3.15.3. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының Заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылатын болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге салық төлеу бойынша кез келген соманы төлеуге тиесілі соманы ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген тізімдемеде Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер төлем бастапқыда Өнім берушіге жүзеге асырылғандай, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осылай ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сонымен қатар Жеткізушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

3.15.4. Жеткізуші салық есептілігін дұрыс толтырмау салдарынан өзара тексеру және/немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетіне сұрау салу нәтижелерімен расталмаған, есептелгенге дейін ҚҚС сомасын Тапсырыс берушіге қайтаруға міндетті.

3.15.5. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Қазақстан Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады, не есептелгенге дейін салықтар есептелген болса, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіге күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өтеуге міндеттенеді, Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін ҚҚС-тың барлық сомасы Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылды, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт Өнім берушінің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейінгі жағдайларға әкеп соққан Өнім берушінің басқа Өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Өнім беруші өтеген ҚҚС асып кеткен сома не шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген





талап және бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен жағдайда Өнім берушіге қайтарылуға жатады. Жеткізуші не жеткізушілер 1-ші, 2-ші, 3-ші және т. б. жою нәтижесінде бұрын анықталған бұзушылықтар деңгейлерін ескере отырып, Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

4. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

4.1. жұмыстардың аяқталуы - орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойылған күн.

4.1.1. жұмыстардың басталуы – Шартқа қол қойылған күннен бастап;

4.1.2. жұмыстардың аяқталуы - Мердігердің кешенді ведомстводан тыс сараптамадан өтуге Шарт жасасу үшін Тапсырыс берушімен келісілген жобалау-сметалық құжаттаманың толық жиынтығын ұсынған күні;

4.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2, №3-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

4.3. Тапсырыс берушіге жобалау-сметалық құжаттаманың келісілген толық жиынтығын ұсынған күннен бастап Тапсырыс беруші ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге шарт жасасқанға дейінгі уақыт Шарт бойынша жұмыстардың ұзақтығын айқындау кезінде ескерілмейді.

4.4. Тапсырыс берушінің жоба бойынша барлық ескертулерін жою, жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасынан басқа сараптамалардың барлық түрлерінің қорытындыларын алуды Мердігер өткізілген тендер бойынша тендерлік құжаттаманың, жұмыстардың күнтізбелік жоспарының талаптарына сәйкес Шарт бойынша жобаны әзірлеу үшін белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады.

4.5. Тапсырыс берушіге кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге жобалау-сметалық құжаттаманың толық жиынтығы ұсынылған күннен бастап және кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге сараптама жұмыстары басталған күнге дейін Шарт бойынша жұмыстар тоқтатыла тұрады.

4.6. Жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының (қажет болған жағдайда – сараптаманың басқа да түрлері) оң қорытындысын ескере отырып, Тапсырыс берушінің Шарт бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қою күні жұмыстарды орындау мерзімдері бұзылған жағдайларда наразылықтар білдіру үшін бастапқы күн болып табылады.

4.7. Жобалау-сметалық құжаттама пысықтауға қайтарылған немесе оның құрамы мемлекеттік нормативтерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінен қайтарылған жағдайда, жобаға қайталама ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған шығындар Мердігерге жүктеледі.

4.8. Жұмыстарды орындау кезінде төменде көрсетілген мән-жайларға байланысты жұмыстарды уақытша тоқтату қажеттігі анықталған кезде жұмыстардың күнтізбелік жоспары түзетілуі мүмкін:

4.8.1. Тапсырыс берушінің тапсырмасымен: - Тапсырыс берушіде монтаждалатын жабдық бойынша техникалық құжаттаманың болмауына байланысты; - Тапсырыс берушінің жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдерді талап ететін, бірақ Мердігерді таңдау үшін негіз болған шарттарды өзгертпейтін техникалық шешімдердің өзгерістерін ұсынуы; -Тапсырыс берушінің өртке қарсы қызмет, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, төтенше жағдайлар, қоршаған ортаны қорғау органдарының нұсқамаларына байланысты өзге де нұсқаулары жоғарыда санамаланған нұсқаулар мердігердің кінәсінен болмаған жағдайларда; - Тараптармен келісілген өзге де жағдайлар; - Шарт бойынша тараптардың еркінен тыс өзге де себептермен.

4.9. Жұмыстарды орындау мүмкін болмайтын мән-жайлардың туындауын растайтын құжаттар: -Тараптардың хат жазысуы; -үшінші тұлғалармен хат жазысу; -мемлекеттік органдар (қызметтер) нұсқамаларының түпнұсқалары және т. б. болып табылады.




4.10. Жұмыстарды уақытша тоқтатуды Тараптар жұмыстарды орындау мүмкін емес жағдайлар туындаған сәттен бастап жүзеге асырады.

4.11. Жұмыстарды уақытша тоқтату туралы акт жұмыстарды орындаудың мүмкін еместігінің себептері туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде негіздеуші құжаттардың негізінде 2 (екі) данада ресімделеді, Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды.

4.12. Жұмыстарды орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған кезде Тараптар жұмыстарды қайта бастауға акт жасайды, оған Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды. Жұмыстарды қайта бастауға арналған актілер жұмыстарды орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2 (екі) данада ресімделеді.

4.13. Жұмыстарды уақытша тоқтатуға арналған актілерді, сонымен қатар Шарт бойынша жұмыстарды қайта бастауға арналған актілерді Тапсырыс беруші бекітуі тиіс.

4.14. Жұмыстарды тоқтата тұру және жұмыстарды кейіннен қайта бастау фактілері (оның ішінде жұмыстардың аяқталу күнін өзгерту





және жұмыстардың күнтізбелік жоспарын тиісінше өзгерту) жұмыстарды тоқтата тұру және қайта бастау фактілері болған айдан кейінгі айдан кешіктірмей Шартқа тиісті қосымша келісіммен ресімделуі тиіс.

4.15. Тараптар Шартты орындау аяқталғаннан кейін міндетті түрде міндеттемелердің аяқталғанын растай отырып, салыстырып тексеру актісіне екі жақты қол қоя отырып, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүзеге асыруы тиіс.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Мердігер міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

5.1.2. Тапсырыста белгіленген Тәртіппен жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамада индустриялық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында өкілетті мемлекеттік органмен қалыптастырылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және олардың жеткізушілерінің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарды, жабдықты, бұйымдарды және құрылымдарды атау. * тармақ жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу кезінде қолданылады.

5.1.3. Тапсырыс берушіге соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен бірге Шарт аясында орындалған Жұмыстардың көлемі бойынша жергілікті қамту үлесінің есебін электрондық құжат түрінде беру (Жүйеде беріледі).

5.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.

5.1.5. шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жұмыстардың күнтізбелік жоспарының нысаны (шартқа №4 қосымша) негізінде кезеңдердің толық жазылуы бар жұмыстардың толық күнтізбелік жоспарын Тапсырыс берушіге келісуге ұсыну;

5.1.6. Тапсырыс берушімен бірлесіп аумақты зерттеу хаттамасын жасауға;

5.1.7. жұмыс жобасының Қазақстан Республикасының ЭҚК (Электр қондырғыларын орнату қағидалары), ӨҚК (өрт қауіпсіздігі қағидалары), ҚТҚ (қауіпсіздік техникасы қағидалары), ҚНҚ (құрылыс нормалары мен қағидалары) барлық тарауларының және Қазақстан Республикасында қолданылатын басқа да нормативтік-техникалық құжаттаманың, оның ішінде жобалауға арналған тапсырманың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

5.1.8. осыған байланысты барлық шығындарды төлей отырып, іздестіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға;

5.1.9. Филиалмен бірлесіп сәулет-жоспарлау тапсырмасын алуға;

5.1.10. жұмыс жобасын орыс тілінде орындауға;

5.1.11. Тапсырыс берушінің жұмыс жобасын қарау мерзімінде Мердігер Тапсырыс берушіге қатты мұқаба түрде орындалған жұмыс жобасының 1 (бір) жиынтығын беруге міндетті, бұл ретте Тапсырыс берушінің жұмыс жобасын қарау мерзімі Жұмыс жобасын алған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн;

5.1.12. объектіні салу кезінде және объектіні пайдаланудың кепілдік мерзімі ішінде табылған ақауларды қоса алғанда, жұмыстарды орындау барысында жіберілген және Тапсырыс беруші мен сараптама ұйымы анықтаған ақауларды өз есебінен уақтылы жоюға;

5.1.13. Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) қол қойылған актілерін ұсыну;

5.1.14. орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін жұмыстардың атқарушы сметасымен және шот-фактураның түпнұсқасымен/электрондық шот-фактурамен растауға міндетті;

5.1.15. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден себептерін көрсете отырып, Мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны жұмыстарды орындаудан шеттетуді талап етсе, Мердігер бұл тұлғаны 72 (жетпіс екі) сағат ішінде жұмыстан шеттетуге міндетті, содан кейін осы тұлғаның Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысы болмауы тиіс;

5.1.16. Тапсырыс берушіге ықтимал қолайсыз салдарлар, сонымен қатар жұмыстарды тиісінше орындауға қауіп төндіретін не оларды шартта белгіленген мерзімдерде орындауға мүмкіндік бермейтін өзге де мән-жайлар туралы ескертуге міндеттенеді. Мердігер тарапынан жұмыстарды уақтылы және тиісінше орындауға кедергі келтіретін барлық күтпеген мән-жайлар жұмыстарды орындау мерзімдері ауыстырылуы мүмкін Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған актілер негізінде, бұл ретте Шарт бойынша жалпы қабылданған уақыт аралықтарын ұлғайтпай, қосымша келісімде жеке ескертілуі тиіс;

5.1.17. Тапсырыс берушіге мемлекеттік және салалық стандарттарды, сонымен қатар жұмыс сызбаларында сілтеме жасалған үлгілік конструкциялардың, бұйымдар мен тараптардың сызбаларын ұсынуға;

5.1.18. 3. шарттық міндеттемелерді орындау кезінде, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жағдайда, қызметтер көрсету үшін қажетті отандық тауарларды сатып алуды есепке алуға міндеттенеді;

5.1.19. жұмыстардағы жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге міндеттенеді. Жергілікті





камту үлесі бойынша жалған ақпарат берген жағдайда Мердігер Стандарт пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

5.1.20. Шарт талаптарында көзделген өзінің барлық міндеттемелерін толық көлемде орындауға;

5.1.21. жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының теріс қорытындысын алған жағдайда, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде барлық ескертулерді жою және жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасынан қайта өту үшін ЖСК-ның толық жиынтығын және қажетті құжаттаманы ұсынуға;

5.1.22. өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Тапсырыс берушінің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

5.1.23. өз қызметкерлерін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның және Тапсырыс берушінің инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігіндегі инсайдерлік ақпаратты басқару қағидаларының талаптары туралы хабардар етуге;

5.1.24. өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Тапсырыс берушінің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндеттенеді: - бірінші рет - Шарт жасалған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде; - кейіннен - өзгерістер туындаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде.

5.1.25. Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Тапсырыс берушіге Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыстағы жергілікті камту үлесінің нақты есебін ұсынуға міндеттенеді.

5.1.26. жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жағдайда, жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды көрсетуге міндеттенеді.

5.1.27. жобалау тапсырмасына және басқа да бастапқы деректерге сәйкес жұмыстарды тиісінше толық көлемде орындау, Тапсырыс берушіге жұмыс жобасын ұсыну, жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының ескертулерін уақтылы жою және жұмыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкес мерзімдерде жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысын алу үшін Тапсырыс берушіге жәрдем көрсету;

5.1.28. қажет болған жағдайда ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды орындауы тиіс.

5.1.29. Шартқа қол қойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге барлық қосалқы мердігерлер және үлестес тұлғалар бойынша ақпаратты жазбаша жолдауға міндетті.

5.1.30. Мына жағдайларды қоспағанда жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларында тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларды, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сонымен қатар сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, жекелеген әлеуетті өнім берушілерге көрсетілетін қызметтердің тиесілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және/немесе құжаттарды көрсетуге жол берілмейді:

5.1.30.1. тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қосымша жинақтау, қосымша жарактандыру, біріздендіру немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін сатып алу;

5.1.30.2. Тапсырыс берушінің өзі өнім беруші ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындауы үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы және осы Шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы модельдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сонымен қатар өзге де сипаттамаларға тиісті нұсқаулардың болуы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге тиесілігін айқындайтын мәліметтер және (немесе) құжаттар.


5.1.31. Жеке қызмет көрсетуге.

5.1.32. Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемді есептеу үшін тоқсан аяқталғаннан кейін, келесі айдың 20-күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге шығарындылардың нақты көлемі туралы мәліметтерді ұсыну қажет.

5.1.33. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында, құрылыс алаңының аумағын құрылыс қалдықтарынан тазартуды қамтамасыз етіп, объектідегі құрылыс жұмыстары нәтижесінде пайда болған қалдықтарды шығаруды қамтамасыз ету қажет.

5.1.34. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының Су кодексіне, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық талаптарды орындау қажет.

5.1.35. Шарт бойынша барлық жұмыстарды аяқтағаннан кейін құрылыс алаңынан барлық жабдықтарды, құрылыс жабдықтарын, артық материалдарды алып тастау, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу және құрылыс алаңын Қазақстан Республикасының экологиялық талаптары мен стандарттарына сәйкес келетін жағдайға келтіру керек.





5.2. Тапсырыс беруші міндетті:

5.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.

5.2.2. Мердігерден Орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюға.

5.2.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (дерді) жасау.

5.2.4. В период выполнения работ по Договору, в срок, не более 20 (двадцати) календарных дней со дня представления Подрядчиком рабочего проекта выдать замечания для устранения дефектов;

5.2.5. Шартта көрсетілген мерзімде Шарттың талаптарына сәйкес Мердігер орындаған жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізуге;

5.2.6. жобалау үшін бастапқы деректерді толық көлемде беруге;

5.2.7. барлық қажетті шығыстарды төлей отырып, жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған шартты уақтылы жасасуға міндеттенеді.

5.3. Мердігер құқылы:

5.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (терді) талап етуге.

5.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;

5.3.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

5.3.4. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу;

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

5.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға. Тапсырыс берушінің Мердігерден Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

5.4.4. Ескертулер болған жағдайда, оларды толық жойғанға дейін Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тарту.

5.4.5. Егер Мердігер шартты уақтылы орындауға кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындаса, олардың мерзімінде аяқталуы анық мүмкін болмаса, Шарттан бас тартуға және Мердігерге залалды өтемеуге құқылы;

5.4.6. Егер жұмыстарды орындау кезінде жұмыстардың тиісті түрде орындалмайтыны, кемшіліктерді жою үшін қисынды мерзім жазбаша түрде тағайындалатыны және Мердігер белгіленген мерзімде бұл талапты орындамаған жағдайда Шарттан бас тартуға не жұмысты түзетуді Мердігердің есебінен үшінші тұлғаға тапсыруға, сонымен қатар залалдардың толық өтелуін талап етуге құқылы;

5.4.7. Орындалатын жұмыстардың барысы мен сапасына, жұмыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкес олардың орындалу мерзімдерінің сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға міндетті. Жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асыра отырып, Тапсырыс беруші Мердігердің жедел қызметіне араласпайды.

5.4.8. жобаның маңызды көрсеткіштері нашарлаған жағдайда жобаны одан әрі іске асырудан бас тартуға құқылы.

6. Орындалған жұмыстарды қабылдау

6.1. Мердігер ресімдеуге және Тапсырыс берушіге тапсыруға жататын құжаттаманың тізбесі жобалауға арналған тапсырмада және күнтізбелік жоспарда белгіленген.

6.2. Жұмыс жобасы Тапсырыс берушіге оның орналасқан жері бойынша қағаз тасығышта 4 (төрт) данада және Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі ұсыныла отырып, орыс тілінде электрондық түрде 1 (бір) данада ұсынылады.

6.3. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінде Орындалған жұмыстардың атауы, олардың бағасы көрсетіледі және Тараптар Шарт шегінде көрсету қажет деп есептейтін кез келген басқа ақпарат енгізілуі мүмкін.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.





6.5. Мердігер 5.1. тармақтың 5.1.3 және 5.1.31-тармақшаларында көрсетілген міндеттемені бұзған жағдайда. Тапсырыс беруші жұмыс жобасын пысықтауға қайтаруға құқылы.

6.6. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) қол қойылған актісін немесе жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жібереді.

6.7. Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті пысықтаулар тізбесі мен оларды орындау мерзімдері көрсетілген ақаулы актіні жасайды.

6.8. Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші оларды мерзімінен бұрын қабылдауға және шарт бойынша төлем жасауға құқылы.

6.9. Тапсырыс беруші ақаулар анықталған жағдайда жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда Мердігер табылған ақауларды өз есебінен жоюға міндетті.

6.10. Тараптар Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойғаннан кейін жұмыс жобасына барлық құқықтар Тапсырыс Құжат «Самұрық-Қазына» ӨАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына» Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе берушіге өтеді

6.11. Мердігер Шарт бойынша орындаған жұмыстар Тапсырыс берушінің талаптарын толық қанағаттандыратын сапаға сәйкес келуі тиіс.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Мердігер Шарт бойынша орындаған жұмыстар Тапсырыс берушінің талаптарын толық қанағаттандыратын сапаға сәйкес келуі тиіс.

7.2. Мердігер объектінің құрылысы кезінде анықталған жұмыс жобасындағы ақаулар мен кемшіліктерді жоюға кепілдік береді.

7.3. Мердігер жұмыстың тиісті сапасы үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес жауапты болады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Мердігер Шартта айтылған жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ Уақтылы орындалмаған жұмыстардың жалпы сомасының 10% - ынан аспайды;


8.2.2. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдыктарын, бұйымдары мен конструкцияларын жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көрсету негізсіз болмаған жағдайда, Шарттың Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін жалпы құнының кемінде 5% мөлшерінде айыппұл түрінде Мердігер жауапты болады;

8.2.3. Мердігер анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін шарт талаптарына сәйкес бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге өсімпұл ретінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 0,1% - ына барабар, бірақ анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын соманы төлейді;

8.2.4. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Жұмыстарда жергілікті қамтудың үлестің нақты есебін бермеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде әр кешіктірілген күн үшін Шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде айыппұлды төлейді;

8.2.5. Шарт Шарттың 11.7-тармағында көзделген тәртіппен бұзылған кезде Тапсырыс беруші Мердігерден Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы, ал Мердігер Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

8.2.6. Шарттың 14-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.





8.3. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тапсырыс берушімен осы Шарт бойынша төленетін өсімпұлдың (айыппұлдардың) сомасын шегеруге келіседі.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстарға төленбеген соманың 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ төленуге тиіс жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс

8.4.2. Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.4.3. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ Орындалған жұмыстар актісінің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.5. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші орнатылған тәртіпте Қордың сенімсіз жеткізушілерінің тізіліміне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін Сатып алу бойынша қордың Операторына ақпаратты жібереді.

8.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

8.7. Егер өсімпұл (айыппұл) сомасы 5000 (бес мың) теңгеден аз болса, онда өсімпұлды (айыппұлды) ұстап қалу туралы хабарлама Мердігерге электрондық почта немесе факсимильдік байланыс арқылы ғана жіберіледі.

9. Ақаулар және оларды жою

9.1. Тапсырыс беруші ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, кез келген анықталған ақаулар туралы Мердігерді жазбаша хабардар етеді.

9.2. Ақаулар туралы хабарлама алғаннан кейін Мердігер Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде ақауды жоюға міндетті.

10. Тәуекелді бөлу

10.1. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне және өз қызметкерлерінің денсаулығына залал немесе шығын келтірумен, сонымен қатар өз қызметкерлерінің қаза табуымен байланысты және шарттың орындалуы барысында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

10.2. Жұмыстардың кездейсоқ орындалмауы тәуекелін Мердігер көтереді.

10.3. Жұмыстардың кездейсоқ қымбаттауы тәуекелін Мердігер көтереді.

10.4. егер жұмыс нәтижелері оларды тапсырғанға дейін кездейсоқ іске асырылмаса немесе Тараптардың кінәсінен тыс жағдайда жұмысты аяқтау мүмкін болмаса, Мердігердің жұмыс үшін ақы талап етуге құқығы жоқ.

11. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

11.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

11.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

11.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:


11.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

11.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

11.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

11.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

11.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.





11.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

11.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты болжамды бұзу күнінен кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша ескертуді жібереді. Ескертуде Шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзуға байланысты өз күшіне ену күні көрсетіледі. Шартты жоғарыда аталған жағдайларда бұзған жағдайда Мердігер бұзу күніне қарай Шартты орындаумен байланысты нақты шығындардың төлемін талап етуге құқылы.

11.5. Егер «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу бойынша өкілетті органы сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші шарттан біржақты тәртіпте бас тарта алмайды. Мұндай жағдайда шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды төлеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

11.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кесірінен бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіден Шартты тиісті түрде орындамау нәтижесінде пайда болған шығындарды және залалдарды, сонымен қатар өсімпұл мен айыппұл сомаларын өтеуді талап етуге құқылы.

11.7. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы: - егер Мердігер жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса; - егер Мердігер жұмыстарды орындау барысында анықталған және Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді Тапсырыс беруші белгілеген уақыт кезеңі ішінде жоймаса; - егер Мердігер Шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындай алмаса; - егер Мердігер Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін немесе бүкіл көлемін орындамаса.

11.8. Тапсырыс беруші тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайларда Мердігер негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға Шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

11.9. Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің экономикадағы төтенше жағдайға немесе басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда не алқалық атқарушы органның/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалық атқарушы орган/басқару органының Байқау кеңесі/Тапсырыс берушінің жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органы / басқару органының Байқау кеңесі болмаған жағдайда) жол беріледі. өндірістік қажеттіліктің болмауы. Бұл ретте осы жұмыстарды ағымдағы жылы сатып алуға жол берілмейді. Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Мердігерге ол іс жүзінде шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

11.10. Шарт Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Шартты бұзуға бастамашылық жасаған Тарап өзінің ниеті туралы екінші Тарапты 20 (жиырма) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда Шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және Тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қоюмен ресімделеді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігердің шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

11.11. Егер Мердігер банкрот немесе төлеуге қабілетсіз деп танылса, Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер шартты бұзу зиян келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Мердігерге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

11.12. Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігердің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сонымен қатар қойылған өсімпұл мен айыппұл сомаларын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

12. Хат-хабар

12.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктіріусіз жүзеге асырылады.

12.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

